

Қостанай облысы Арқалық қаласының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 263 қаулысы. Қостанай облысының Эділет департаментінде 2015 жылғы 20 тамызда № 5815 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 347 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 25.09.2015 № 347 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырган Қостанай облысы Арқалық қаласының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы бекітілсін.

2. Қостанай облысы Арқалық қаласының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары бекітілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*F. Бекмұхамедов*

Қала әкімдігінің 2015 жылғы  
27 шілдедегі № 263  
қаулысымен бекітілді

**Арқалық қаласының шалғайдағы  
елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін  
мектептерге тасымалдаудың схемасы**

Шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы Арқалық қаласының әкімдігімен қаулыны қабылдауы.

Арқалық қаласының әкімдігімен қауіпсіз тасымалдау үйімдастыру жөніндегі іс-шараларын бекіту (маршруттарды және балаларды отырғызуның және түсірудің орындарын белгілейді, балалармен, ата-аналармен, мұғалімдермен өткізілген нұсқаулықтар, тасымалдаушы және келік туралы мәліметтер, балалардың тізімі, балаларды тасымалдауға бюджеттен белінген қаржы туралы мәліметтер).

Қала әкімдігімен заннамада белгіленген тәртіппен балаларды тасымалдауга жауапты органды белгілеу.

Заннамада белгіленген тәртіппен жауапты органдымен балалардың мінү орындарынан және жалпы білім беретін мектептерге түсуін тасымалдауын жүзеге асыру.

Қала әкімдігінің 2015 жылғы  
27 шілдедегі № 263  
қаулысымен бекітілді

## Арқалық қаласының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Арқалық қаласының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидалары) «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысына (бұдан әрі – Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасы) сәйкес әзірленді.

2. Балаларды тасымалдау Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдаушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 493 қаулысымен бекітілген Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын үйімдастыру, сондай-ақ

таксографтарды қолдану қағидасына сәйкес жүргізушілердің жұмысын үйимдастырады.

4. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көлік түрімен балаларды жеткізуді үйимдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Үйимдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті жылтыр шағын маяғымен жабдықталуға тиіс. Бұл автобустардың алдында және артында «Балаларды тасымалдау» деген тану белгісі 1.21. жол белгісінің рәмізін қара бояумен бедерлеп қызыл түсті жиекті сары түсті квадрат түрінде (жактары кемінде екі жұз елу миллиметр, жиектің ені - жақтың 1/10) орнатылады.

## 2. Балаларды тасымалдауды үйимдастыру

5. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың саны наан аспайды.

6. Балаларды 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр, тайғақ, сондай-ақ дауыл және апат) жол берілмейді.

7. Оқу орындарына тасымалдауды үйимдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызуудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілеиді.

8. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

9. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-үйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру үйимдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

10. Балаларды алып жүруі үшін тапсырыс беруші белгілеген адамдар балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқама алады.

11. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс етілі бар;

3) Соңғы жылдары еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүру ережесін (бұдан әрі – Жол ережесі) өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмасы тиіс.

12. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол берілмейді:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

13. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

14. Автобустың қозғалысы барысында еріп жүрушілер автобустың әрбір есігінің жанында орналасуы тиіс. Егер автобуста бір еріп жүруші болса, ол автобустың алдыңғы есігінің жанында орналасуы тиіс.

15. Тасымалданатын балалардың қалыпты жағдайы мен денсаулығын қамтамасыз етуге байланысты қажеттілік болған кезде автобустың жүргізушісі еріп жүрушінің нұсқауымен жол жүру барысында жоспарланбаған аялдамалар жасайды.

Аялдама және тұрақ орындарын таңдағанда жүргізуші Жол жүру ережесін басшылыққа алуы тиіс. Автобустың аялдауы (тұрақтауы) кезінде балаларды отырғызу және түсіру орындары, мүмкіндігінше, қарқынды қозғалысы бар жол участкерінде орналаспауы тиіс. Аталған талапты орындау мүмкін болмаған жағдайда балаларды автобусқа отырғызу және одан түсіру кезінде авариялық сигнал беру іске қосылады.

16. Еріп жүрушілер қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігі, топтың артында қалып қоюына жол берілмейтіндігі және егер бала қалып қойған жағдайда іс-қимыл тәртібі туралы балаларға ескерте отырып, әрбір аялдаманың алдында тұрақтау уақытын хабарлайды.

17. Маршруттың соңғы пунктіне келгенде автобустар тұрақтау үшін бөлінген орындарға қойылады, ол жерден түсіру орнына бір-бірден келеді.

### **3. Қорытынды**

18. Осы балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидаларымен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК